

"Зайсан ауданына бірынғай сәулеттік келбет беруге бағытталған, көппәтерлі тұрғын үйлердің қасбеттерін, шатырларын ағымдағы немесе күрделі жөндеу жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру және жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Зайсан ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 28 шілдедегі № 438 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданы әкімдігінің 2024 жылғы 15 наурызыдағы № 173 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 19 наурызыда № 8973-16 болып тіркелді

Зайсан ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Зайсан ауданына бірынғай сәулеттік келбет беруге бағытталған, көппәтерлі тұрғын үйлердің қасбеттерін, шатырларын ағымдағы немесе күрделі жөндеу жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру және жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Зайсан ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 28 шілдедегі № 438 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №29373 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Зайсан ауданына бірынғай сәулеттік келбет беруге бағытталған, көппәтерлі тұрғын үйлердің қасбеттерін, шатырларын ағымдағы немесе күрделі жөндеу жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру және жүргізу қағидаларында:

2-тармақта:

2), 3) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"2) кондоминиум объектісі – дара (бөлек) меншіктегі пәтерлерден, тұрғын емес үй-жайлардан, орынтарап орындарынан, қоймалардан және дара (бөлек) меншіктегі болмайтын және пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың, орынтарап орындарының, қоймалардың меншік иелеріне көппәтерлі тұрғын үй тұрған біртұтас бөлінбейтін жер участесін және (немесе) үй жанындағы жер участесін қоса алғанда, ортақ үлестік меншік құқығымен тиесілі ортақ мүліктен тұратын біртұтас мүліктік кешен;

3) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкі – дара (бөлек) меншіктегі пәтерлерден, тұрғын емес үй-жайлардан, орынтарап орындарынан, қоймалардан басқа, кондоминиум объектісінің бөліктері (қасбеттер, кіреберістер, вестибюльдер, холдар, дәліздер, баспалдақ марштары мен баспалдақ аландары, лифтілер, шатырлар, шатырастылар, техникалық қабаттар, жертөлелер, үйге ортақ инженерлік жүйелер мен жабдықтар, абоненттік пошта жәшіктері, көппәтерлі тұрғын үй тұрған жер участесі және (немесе) үй жанындағы жер участесі, абағандыру элементтері және ортақ пайдаланылатын басқа да мүлік);";

8) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"8) көппәтерлі тұрғын үй кондоминиумы (бұдан әрі – кондоминиум) – Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен тіркелген меншік нысаны, бұл ретте пәтерлер, тұрғын емес үй-жайлар, орынтурақ орындары, қоймалар дара (бөлек) меншіктегі болады, ал дара (бөлек) меншіктегі емес бөліктер пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың, орынтурақ орындарының, қоймалардың меншік иелеріне көппәтерлі тұрғын үй тұрған біртұтас бөлінбейтін жер учаскесін және (немесе) үй жанындағы жер учаскесін қоса алғанда, ортақ үлестік меншік құқығымен тиесілі болады;";

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Жиналыс пәтерлер мен тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелерінің жалпы санының көпшілігінің келісімімен шешім қабылдайды".

2. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Зайсан ауданының әкімінің орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Зайсан ауданының әкімі

A. Ахметсалымкызы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК